

Наурыз

ОАСТЫҚЫМЫЗДЫҒА

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады

ТҮРКІСТАН

№11 (1129)

17 наурыз,
бейсенбі

2016 ЖЫЛ

ТҮРКІСТАН

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru

Біздің сайт: www.turkystan.kz

Халықаралық саяси апталық



Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» демократиялық партиясының көсемі, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Ел үшін аянайт өңбек еткен осынау ұлы тұлғаның мөрейтеі бірі күнде ғана аталып өтер қатардағы шара емес. Өйткені өткенді айтсақ, Әлиханға соқпай өте алмаймыз, келешекті сөз етсек, оның идеяларын ысырып тастауға тиіс емеспіз. Осыған байланысты саяси ғылымдарының докторы, Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры Әбдіжәлел БӘКІРДІН мақаласын оқушылар назарына ұсынып отырмыз.



ҚАЛАМЫ ҚАРУҒА АЙНАЛҒАН ҚАЙСАР ТҮЛҒА

Қазақ халқының бұрын-соңды тарихында Алаш ұлт-азаттық қозғалысындай қоғамдық құбылыс болған жоқ. Оның ең басты құндылығы – XIX ғасырдың аяғынан бастау алып, мәңгілік идеясы XX ғасырдың 90 – жылдары еліміздің егемендігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі мұраттарымен ұласқанында болып отыр. Патшалық Ресейдің озбыр отарлық саясатының езгісінен арлу үшін ең бірінші ұлттың санасын ояту, оны білім-ғылымға, мәдениетке үгітеткен, соның негізінде тұтас халықты бір тулық астына біріктіруге ұмтылған бұл қозғалыс Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ұлы есімімен тығыз байланысты.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – САЯСИ РЕФОРМАТОР

Әлихан Бөкейхан тәлім-тәрбиесі бөлік деңгейі ортада, Шаңғыт ханның үлкен ұлы Жошыдан тараптың төре тұқымы Нұрмұхамедтің отбасында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысына қарасты 7 ауылда 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келген. Әкесі тоғыз жасар Әлиханды Қарқаралыдағы жергілікті молдаға оқуға береді. Бірақ көп ұзамай туасы зерак Әлихан осындағы үш кластық бастауыш орыс мектебіне ауысады. Мұны естіген әкесі реніш білдірмей, қайта бағасын беріп, риза көңілін таңғайтады. Бұдан кейін Әлихан Қарқаралыдағы үш жылдық училищеніде оқып, оны «өте жақсы» деген бағаммен аяқтайды.

1886-1890 жылдар аралығында Әлихан Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищеніде оқыды. Оны бітірген соң жақ техниктің ерекше оқуы мен үлгілі тәртібіне риза болған училище директоры оның қабілетіне сипаттама беріп және жоғарғы оқу орнына барғысы келетінін, сол үшін қазақ қауымына зиянды екендігіне сипаттама жазғандары беруді сұрап Қарқаралы уезінің бастығына өтініш хат жазды. Сөйтіп, Әлихан 1890 жылы Дала генерал-губернаторы Кеңесінің ұсынысымен Омбы кадет қауымындағы 200 сом стипендиясын алған Санкт-Петербург Императорлық орман институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда шынайды, терең білім алумен қатар сабақтан тыс кездері студенттердің әртүрлі бағыттағы ұйымдарын қызу араласды. Жаңа ғасыр тәбділдерінің аттағалы тұрған Ресейдің ендігі дамуы қандай бағыт алуы керек деген түрлі пікір-таластарды күресі бойлады. Ол бірте-бірте Ресей империясының отарлық езгісі мен қараңғылық шырмалындағы қазақ халқының ауыр тағдырын қатты ойлана бастайды.

Санкт-Петербургтегі оқуын ойдағыдай бітірген Әлихан Бөкейхан 1894 жылы Омбыға келгенде экономист мамандығын алған ормантанушы ғалым ғана емес, Ресейдің отаршылдық саясаты туралы өзіндік көзқарасы бар, сол кездегі барлық өміріне бағыл еміс бастаған марксизмнің экономикалық ілімін жақсы игерген білімді саясаткер ретінде қалыптасқан еді. Мұның саяси-әлеуметтік негіздері жеткілікті болатын. Біріншіден, азаттық пен еркіндік мәзминдік негіз болған қазақ эстаптары, бағырлық жырлар, халықтың бай ауыз әдебиеті болашақ ұлы күрескердің әлеуметтік көзқарасының, рухани байлығының бастауы болды. Ол орманшы-экономист болса да кейін «Қозы Көрпеш-Жаян сұлу», «Ер Тарғын» сияқты жыр-дастандардың үлгілерін жинап, «Қарақыпшақ Қобыланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге» сияқты қиссалар туралы зерттеулер жазуы, 1907 жылы орыс оқырмандарын тұңғыш Абай шығармаларымен таныстыруы, ал 1909 жылы ұлы ақынның шығармаларының Санкт-Петербургте жарық көруіне ықпал етуі кездейсоқтық емес болатын. Екіншіден, саяси сезімі серек Әлихан Ресей өмірінен енген капитализмнің қарым-қатынастар жағдайында қазырасы табы түрлі саяси партияларға бірігіп, марксизм ілімі олардың идеологиясы ретінде насихатталып, орталық жерлерде ереуілдер бой көтере бастағанын байқады. Мұндай саяси жағдайлардан тыс қала алмаған ол студенттік қозғалыстарға белсенді қатысып, марксизмнің ілімі туралы қызу пікір-таластарда экономикалық материалды қағидаларын қорғаған көрінді. Бұлардың барлығы болашақ Алаш көсемінің Ресейдің мемлекеттік құрылымын, оның қазақ даласындағы отаршылдық саясатының қыр-сырын тереңірек түсінуге, саяси танымның қалыптасуына игі ықпал етті. Үшіншіден, Ресейдің отарлық саясатына қарсы шыққан Кеңесары жан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы өңгімелердің әсері де аз болған жоқ. Осындай саяси дайындығы мол

Әлихан Бөкейхан Омбыға келісімен қаламың қоғамдық өміріне етене араласып, саяси көзқарастары үшін орталықтан жер аударылғандармен қарым-қатынаста түседі. Жергілікті және Санкт-Петербургтің басшыларына саяси бағыттағы мақалалар жазып, тұрақты атсалысады. «Халық бостандығы» – конституциялық демократиялық партиясының мүшесі ретінде Әлихан Бөкейхан қаладағы саяси белсенділердің шағын топ ұйымдастырып, оның қазақ бөлшемелерін ашу мақсатымен Орал, Семейде арнайы жыйндар өткізді.

Әлихан Бөкейханның саяси көзқарасының жаңа сатыға көтерілуіне орыстың тұңғыш революциясының әсері ерекше болды. Бұл еуропана білім алған, Батыстың демократиялық сәрінін сезінген, рухани байлығы мол Ә. Бөкейханның саяси-әлеуметтік көзқарасының мүлдем жаңа салаға көтерілуіне ерекше ықпал етті. Ол көтеріліс шыққандар жеңіліс тапқанымен бірікпе халықтың қолынан көп нәрсе келетінін байқады. Халық арасындағы насихат, үгіт, рухани жұмыстарды ісіне көбірек көңіл бөлудің қажеттігін түсінуге әкелді.

Сөйтіп Алаш жетекшілері арнайы аппараттарды құрып алу жұмысына кіріседі. Сан салылы ұйымдастырушылық жұмыстың арасында 1913 жылғы 2 ақпанда «Қазақ» газеті жарық көрді. Ол, Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда, «ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оқып, күшім бір жерге жып патша саясатына қарсы оқып, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытта» шыққан болатын.

Бұл қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым, шын мәнісіндегі, қазақ қоғамы үшін аса бір жауапты кезеңде қаламызды ұйықандан оятар үні, рухани айнасы, саяси ұстанымы, Алаш қозғалысының аппараттық айбынды мінбері бола алады. Әлихан Бөкейхан газетінің ең белсенді авторларының бірі ғана болған жоқ, оның тікелей саяси басышы болып, жалпы басылымның ұлттық деңгейге көтерілуіне зор үлес қосты. 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде Әлихан Бөкейханның 250-ден астам мақалалары, ғылыми зерттеулері, аудармалары жарық көрген. Бұл жерде өз қолымен толтырған «Тұтқынның антқасында» мамандығын «журналист», «аудармашы» деп көрсетуі тегіннен-тегі емес.

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс және басқа да жағдайлардан туындаған дағдарыс 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын жақындатқандықтан белгілі. Патшалық монархияның тақтан түсуі қазақ халқының саяси санасының көтеріліп, ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа өріс алуына айрықша әсер етті. «Қазақ» газетінде басылған Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай және Міржақып Дулатұлы ушеші қол қойған «Алаш ұлына» атты сүйінші хатта «кіш тұрлықты қазың оң жағынан ай, сол жағынан күн туы» деп қуана жазылды. Тіпті, Әлихан Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай облысы бойынша комиссары да болды. Бірақ «бостандық, теңдік, туысқандық» деген ұғымдарды бір ест сөнесті шығармаған ол көп ұзамай-ақ Бұл Үкіметтен қол үзді. Өйткені оның қалыптасуы жердің адамға меншікті болып берілуін қалады, ұлт автономиясына, шіркеуді мемлекеттен бөлуге қарсы болды. Мұны Әлихан Бөкейхан өзінің «Мен қалды партизанын неге шықтым?» деген мақаласында ашық айтқан еді. Осында тағы бір аса маңызды қадам туралы мәлімдеме жасалғанды. Ол автордың «Алаш» партиясын құруға бет бұлып, бұрынғы либералдық демократиялық платформадан қол үзіп, ұлттық-демократиялық бағытта бет бұрғандығы еді.

Уақытша үкіметтің саяси тұрақсыздығы қоғамда түрлі партиялардың саяси сахнаға шығуына ықпал етті. Осындай жағдай өз мақсаттарын айқындай бастаған Алаш жетекшілерін бүкіл қазақ ортақ партия керек деген ойға жетеледі. Мұның үстіне соңғы оншақты жылда жалпы қазақ жұртының қолдауына сүйенген, басы-қасында зиялы топ жүрген ұлт-азаттық қозғалыс саяси партияға айнала бастаған да еді.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орнбор қаласында өткен Бүкілқазақтық бірінші съезінің ең маңызды шешімдерінің бірі тұңғыш ұлттық-демократиялық саяси партияның құрылуы болды. Кейін «Алаш» атанған саяси партия бағдарламасында жұбасы осы жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланып, желтоқсанда өткен Бүкілқазақтық екінші

съезде қабылданды. Қазақ елінің өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйесін құру, ішкі Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, жаңа өмір сүранысына жауап беретіндей қоғамдық демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, білім және ұлттық мәдениеттің дамуына кең жол ашу Алаш қозғалысының басты мақсаты болса, «Алаш» партиясының бағдарламасының мазмұны да осы болатын.

Алаш партиясының бағдарламасы қазақ халқы үшін большевиктер ұсыған жолдардан анағұрлым артық екенін дәлелдеді. Бағдарлама қазақ қоғамының таптық тұрғыдан жіктелуінен гөрі, жалпы ұлттық тұтастықта болуын, қазақ елінің сан ғасырлық өркендеу тәжірибесін, салт-дәстүрін қоғам дамуының сұранысына бейімдеуді жақтауымен ерекшеленді. Алайда Алаш партиясы 1918 жылдың жазында басталған Азамат соғысының кесірінен қалыптасып үлгері алмады. Дегенмен жалпы ұлттық мәселелерді тұрақты назарда ұстаған партия жетекшілері Алаш автономиясын құрып, оның Ұлттық Кеңесін қалыптастырды.

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш жетекшілері саяси партия құрумен шектеліп қалмады. Олар мемлекет құру идеясын 1917 жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында Орынборда өткен Бүкіл-қазақтардың екінші съезінде жүзеге асырды. Алаш автономиясы Ұлт кеңесінің құрамына 25 адам сайланды, оның 10-ы орыс және басқа халық өкілдері болды. Бұл, біріншіден, қазақ даласындағы этникалық ерекшелікті ескеруден, екіншіден, ұжымдық басқарудың қажеттігін түсінуден туыды. Жеке билеудің зардаптарын әлем тарихында да, қазақ хандығы мысалында да Алаш ардақтылары жақсы білген болатын. Съезд қабылдаған қарарда аса бір мәнді мәселе – «демократиялық парламенттік республика құру» туралы қағидадың болуы да тегіннен-тегі емес еді.

Съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселе ыптық автономия болатын. Бұл мәселе бойынша Ә.Бөкейхан баяндама жасады. Осыдан екі айдай (1918 жылғы 11 ақпанда) уақыт өткеннен кейін ол: «Съездің бұл шешімі қазақ мекеніндегі территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевиктердің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады... Кезекте бостандықтың жағуы – большевикпен күрес тұрды» деген болатын. Алайда нағыздың үшмен, айбалтаның жүзмен жүзеге асырылған кеңестік саясатқа қарсы тұрған қайсар тұлға большевиктер ұйымдастырған 1930 жылдарғы саяси зобаландардың құрбаны болды.

Таптық ұстанымға негізделген большевиктік, кейінгі коммунистік идеологияға сүйенген кеңестік кеңестік талай ойран салынғаны, қаншама халық күзіліп, қаншама асылдар айдалып, түрмеге жабылып, атылып, асылғаны өлі күнге халқымыздың жалпынан өшкен жоқ, өше де қоймас.

Әлихан Бөкейхан қазақтың тұңғыш «Алаш» саяси партиясы мен Алашорда үкіметін құрған саяси реформатор болуымен қатар патшалық Ресейдің отарлық саясатын, таптық айырмашылыққа негізделген кеңес өкіметінің барынша терең де жан-жақты әшкерелеген саяси қайраткер ғана емес, біздің бүгінгі мемлекетіміз үшін де маңызды мол мұра қалдырған энциклопедиялық деңгейдегі ғұлама ғалым да болатын.

ОТАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МӘНІН ТҮСІНУ – ТӨУЕЛСІЗ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы оның саяси топ басшыларының ойлап тапқандары емес тұрап. Бұл Ресейдің қазақ даласының шұрайлы жерлеріне заңсыз не болып, әлсіздік, озбыр, қазақ халқының құндылықтарын кеміруге бағытталған отарлық саясаттан туындаған болатын. Мұндай саясаттың XIX ғасырдың екінші жартысында тереңдей түскені белгілі. Түрлі өкімшілік-басқару реформалары жоғарыдан зорлықпен таңылып, қазақ қоғамының ішкі ерекшеліктері мен ұлттық сұраныстары ескерілмеді. Орыс басқарушылары жергілікті халықтың тілін білмеді, білгісі де келмеді, тек шала сауатты тілмаштар арқылы ғана жұмыс істеді. Далалық облыстарда, тіпті бөлек кенесінде барлық хат алмауы, іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді.

Әлихан Бөкейханның 1905 жылдың қарашасында Москвада өткен Ресейдің жергілікті және қалалық қайраткерлері съезіне қатысып, 6 миллионға жуық қазақ халқының атынан сөз сөйлеп, қазақ тілі, сайлау құқығы, діни және

басқа бостандықтары туралы мәселелер көтеріп, жергілікті тілдің құқығын шектеудің барлық түрін тез тоқтатуға ұсынуының осындай қағида тты себептері болатын.

Отарлық саясаттың ең озбыр көрінісі қазақ даласына Ресейдің түкір-түкірінен келіссөздердің ағылып келіп, орналасқан жерлерін өз меншігіне айналдыру, қазақтарды қиырық жерлерінен зорлықпен ығыстыру, дәстүрлі шаруашылықты, тұрмысын терең күйзелістерге ұшырату, ұлттың мәдени өркендеуіне кедергілердің қойылуы орыстандыру саясатына тән нәрселер болатын.

Қазақ халқының тағдыры үшін аса маңызды жер қатынастары мәселесін Әлихан Бөкейханның тереңірек біле туысуы Ақмола, Семей және Торғай облыстарын қамтыған Ф.А.Щербина бастаған экспедиция жұмысына қатысуы ерекше ықпал етті. Оның кейін өз шәкірттеріне «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп, үйренуге тырысыңыз»

Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деп кеңес беруі жайдан-жай емес еді.

Әлихан Бөкейхан қазақ қоғамындағы жер мәселесінің үздік маманы, осы тақырыпқа қалам тартқандардың көп бастаушысы ретінде көптеген мақалалар жазды. Санкт-Петербургте шығатын «Речь» газетінің 1914 жылғы 23 қантарындағы санында басылған «Мемлекеттік Дума депутаттарына ашық хатта» қоныстану басқармасының қазақ даласының қазынаға қарайтын жерін әртүрлі топтарға – орыстың қиызылары мен графтарына үлестіріп берумен ғана шектелмей, православие дінін қазақ жұртына сіңіру қамы да ойластырылғандықтары айтылады. Сонымен қатар мақалада Орталық өкіметтің конституциялық жұмысы жүзеге асырушылар арналында ұлттың міндетті бұйрықтың дөлме-дөл мәтіні берілген. Басқарма осыларды мөлдірей отырып, қазақ пен орыстардың бірге қоныстануы басқа діндегілерді де православиеға тартуға көмектеседі, осының негізінде Дала облыстары орыс мемлекетінің мен мәдениетіне жақындап, орыспен сіңісіп кетуіне көмектеседі деген пікір білдірген. Бұл тікелей орыстандыру саясатынан басқа ештеңе де емес еді.

Жоғарыда жазылған хаттан кейін редакция оған түсініктеме арттық дей отырып, бүгінгі қазақ халқының жағдайын жақсы көрсеткен Әлихан Бөкейханның «Қазақтар мен қоныс аударушылар» атты мақаласын ұсынады. Онда қазақты бірден-бір күн көрер көзінен айырган қоныстандыру саясаты көшпенділер өміріне тұрақты түсініспестік, тіпті қазақтар мен орыс қоныстанушыларының арасында ашық қақтығыстарға негіз салды деп жазылған. Жергілікті халық пен Ресейдің ішкі аймағына келгендердің арасындағы жағдайларға көбе-көп билеушілердің кілеңі еді. Ал «Сибирская жизнь» газетінде жарияланған материалдарда осындай екі қақтығысты тілге тиек етеді. Оның бірінде малдарың жерімі кірді деп тоғыз орыс шаруасының екі қазақты мертирткіргені туралы жазылған. Бұл материалдың толық күйінде кейін Санкт-Петербургте шығатын «Мусылманская газет» атты басылымның 1914 жылғы 1 ақпанындағы санында жарияланған еді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы №19 және №25 сандарында жарияланған «Төртінші Дума Хәм қазақ» деген екі мақалада жылына бір рет бюджет қарағанда қазак мәселесіне қатысты мәселелер сөз болып қалатындығы айтылады. 1913 жылғы 11 мамырында өткен Мемлекеттік Думаның отырысында қазақтардың жеріне қатысты мәселелер көтерілген болатын. Забайкалдан сайланған депутат Волков: «Біз Сібір депутаттары үшінші думадан бергі, міне жеті жыл перселен жұмысқа жер алғанда қазақтың һәм буряттың ең жақсы жерін алып, бұлдарға жер қалдырмай отырмыз деп зарлап келеміз, жылда біздің айтқан сөзімізді тыңдаған кісі жоқ; қазақтың қазулы арығын, салулы бақша, екен жоңышқасын кесіп алып отыр. Қазақтың жерлен қысылған белгісі міне: қазақ өзі бөтен жаққа перселен болып көше бастады», – деген еді. Ал Бакудан сайланған депутат Жағфаров өз сөзінде қазақ арық жер деп қалдырғаны тастап, татыр, сортан жер екені, осы зорлыққа көніп, мінез шығармай тыныш отырмай дуняда жоқ момын қазақты үкіметтің біліп отыруының қажеттілігін айтады. Осылардың барлығын айна келе автор қазақ өз жеріне өзі бөтен патшалықтың кірсімен бірдей болып, қазақ жүрген жерді кім болса сол болсын, қазақтан басқа сатып алып, сұрап алып, мирас етіп отыр деп түйіндейді. «Төртінші Дума Хәм қазақ» атты екінші мақалада Олук Ережесінің 136 статиясында қазақ жүрген жерде бөтен патшаның адамы һәм христиан дінінде болмаған адам жер сатып алмасын деген құқықтық нормаға сәйкес қазақ баласы жер сатып ала алмай отырғандығы айтылған. Сондай-ақ мақалада Думаның бір отырысында арнайы бір заң жобасы қаралғанда Қазан депутаты Макудовтың: «Сіздер думаның үйінгі төбесін түзетеміз деп отырсыздар, әуелі Думаның өз төбесін түзетіңіздер; Түркістаннан, қазақ жерінен Думала бір депутат жоқ. Осы облыстарға депутат беріңдер» деген сөзі келтірілген. Міне, отарлық жағдайдағы қазақ халқының құқығының да, ежелден иесі болып келе жатқан жерінің жайы да осындай болатын.

Отарлық саясаты мұныммен шектелген жоқ, қазақ қоғамында ұлттық салт пен дәстүрге мүлдем жат көріністер пайда болды. «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра» атты мақаласын Әлихан Бөкейхан «Қазақ халқының бір жақсы мұрасы «ақалу». Бір нәрседен зиян тауып қалғандарға бертеп осы жақсы әдеттің қашан шыққаны белгісіз» деген сөздермен бастайды

да, осы күнде қазақ халқының салт-дәстүрін өзгеретінін, тіпті «бір көңілді көтеретін әдеті – қонақ күту де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барды» деп отаршылдықтың әлеуметтік зардаптарына ой тастайды. Бұрын жолаушы кез келген үйге түсуші еді және үй иесі кедей болса да тамақ тауып беріп, сыйлайтын, мұндай іс-әрекетті қазақ еш нәрсе ойламай, адалдығымен атқарғанын, сондықтан қонақтар да мейлінше риза болып, қимай қоптасатынын айта отырып, автор былай дейді: «Қазақтар біреуге бұ күнде жылу берсе, берген кісінің қандай екенін байқайды, байлығының қандай екенін, бұрын мұндай ойлауы еді. Кейдегілерге көмек беруге ар көреді һәм өлең бір уақытта қайтарып алу қиын деп ойлайды». Мақала аталарымыздан осындай салтты мирас етіп не елік деген сөздермен аяқталады.

Отарлық саясаты жағдайында қазақ халқының жеке дербес құқығы, ден ауынайлыққа хат білетін, жүк көрген

жасты, жөн білетін жақсыны сайлау керектігін ұсынады.

«Сайлау құқы» атты мақалада Бөкейхан сайлауға байланысты адам құқығының екі түрі болатынын, бірі кісіге берілген кісіні сайлау құқығы «белсенді құқық», ал енді қазақтың болыстық пен билікке сайлау құқығы «басөң құқық» деп аталады дейді. Ал «Қазақ депутаттары» атты мақалада Ресей мемлекетінің заңын басқаратын, ісін мәжіліс, үкімет бұза алмайтын Учредительное собрание үлкен үміт арттып, тірі болсақ, алдымызда үлкен тұл. Бұл заман Алаштың азаматына зор жүк. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болады деп сенім білдіреді. Мақала «Бізге бірлік болып, іс қыла білетін шебер тағалады, Алаштың баласы бақыт-махабат жолына түседі» деген үлкен үмітпен аяқталады. Бірақ құрлықтың жиналысын (учредительное собрание) большевиктер бойкот жариялап өткізбей қойғаны тарихтан белгілі. Дегенмен «жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болады» деген көрсетеді. Дала Ережесінің 99-бабына сәйкес қазақтар мердесе-меркетерді дала генерал-губернаторының рұқсатымен ғана аша алатын. Сондықтан қазақтар ондай оқу орындарын жасырын ұйымдастырды, құпия ұстады.

Міне, отарлық саясаттың сиқы осындай еді. Мұны Әлихан Бөкейхан жұрттың бөрінен бұрын ерекше сезініп, терең түсінді. Ал отарлық саясаттың әлеуметтік-саяси зардаптары туралы Әлихан Бөкейханның жүйелі ой-тұжырымдарын игеру, тәуелсіз сананы қалыптастырудың маңызды факторы болмақ.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ КӨТЕРУДІН САЯСИ – ӘЛЕУМЕТТІК АМАЛДАРЫ

Әлихан Бөкейхан 1 Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, оның жұмысына қатыса алмағанымен, заң шығарушы органның кейінгі шешімдеріне пікір назар аударып отырады. Оны әсіресе, Думаның қазақ тағдыры үшін ең өтір жер мәселелеріне қатысты шешімдері қызықтырды. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №9 және №10 сандарында жарияланған «Үшінші Дума һәм қазақ» атты мақалада 1907 жылғы 3 мамырында өткен Мемлекеттік Дума қуылып, келер сайлаудың төрттігі «3 мұсылман Заңы» шыққандан кейін «қазақ халқы надан, Думада депутаттық бұған қол емес» деген сөздермен бұл қазақ халқының депутаттық құқықтан айрылғандығы туралы айтылады, қазақ елінің мәселесі басқа ұлт өкілдерінің қолында қалған жағдайда оның жері туралы 3-ші Думада қандай өңгімелер болғанына қысқаша шолу жасалынады.

Мемлекеттік парламенттік демократияны дамыту үлкен нәтиже беретініне Әлихан Бөкейхан сеніммен қарады. Заң шығарушы органы қазақтың ұлттық мүдделерін қорғайтын мінберге айналдыруды ойлады. Сол себепті Мемлекеттік Думада қазақтың жайы өз өкілдерінің аузынан айтылып жатса дұрыс болар еді деп санады. Алайда мемлекеттік билік тармақтарының функционалдық құқықтық, заңдық негізде толық ажыратылмағанын, негізгі билік атқарушы органның қолында болғандықтан заң шығарушы органның жұмысы еш уақытта тиісті нәтиже бере алмайтын Ресей империясы да, кешегі кеңестік жүйе де талай дәлелденген болатын.

Қоғамның демократиялық барометрлерінің тиімді түрлерінің бірі, халықтың өз құқығын пайдалана алуының айқын көрсеткіші елдің сайлау жүйесінен байқалатыны аян. Осы тақырыпқа қазған бірнеше мақалаларында ол сол кездегі қазақ даласындағы сайлаудың бекерексіздігін қатал сыға алып, бұл жүйедегі кемшіліктерді барышы ашып берді. Бұқара халықтың бір бағыттағы сауатының төмендігін ескеріп, тіпті кейбір маңызды терминдерге шейін түсінік беріп отырады.

Әлихан Бөкейхан сайлау жүйесінде әділдік болмаған жұртқа береке, бірлік болмайды дей отырып, ол байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылытап іздеген мырзаларды, момын бұқара халыққа алым-шығынды аударып тастап бай, би болуды ойлағандарды сынайды. Өрнекті шешен, таза, әділ жасаларды да бар екенін айтады солар бас біріктіріп, жұртшылық қамын ойлауды ұсынады.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы №15 санында жарияланған «Сайлау» атты мақалада халықтың үш жылда бір өтетін сайлау сайын жұрт өтіп шыққанды, жау шапқандай жанталасып, әбігер болатынын, әке балалды, аға ініден, туыс туысқандан айрылып, бірі атқа, бірі асқа сатылатынын, сондағы жұрттың іздегені болыстық, билік, ауынайлық,

елубасылық екенін ашып айтады. Одан ары автор сайлау үдерісінде парасаттылыққа баруға жөн сілтейді. «Адам баласы өзге хайуаннан айрылғандықтан ақылды, қолы шебер болып айрылды. Байлық түбі ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жармайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлжыды. Дүнидағы жер білігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барды» дейді. Қазақтың қазынаға қуат беретін адам ақылды, адам қолы, адам жинағы екенін біле бермейтінін, өз аяғынан өсіп-өнген малды айдап жүрген елге адам ақылды, адам ұсталығы, адам жинағы көрінбейтінін ескерте отырып, Әлихан Бөкейхан «Жұртқа адал би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, білігін орнына қорықпай салатын, араң жемейтін, іс білетін, халық үшін жаумен айтатынын болып пайдалы» деп ауынайлыққа хат білетін, жүк көрген

кейін Жапон елі адам факторына көңіл бөлуді, оның ең негізгі ғылым мен білімі мақсат етті. Соның нәтижесін бүгін әлем мойындап отыр. Бұл терең еш уақытта дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.</